

рефрена ограничивается лишь одной строкой:

<i>Je suis a cela</i>	=	Я тот,
<i>рефрен</i>		Кем Меланхолия
<i>Que Merencolie</i>		Правит.
<i>Me gouvernera.</i>		

Рифмовка рефренной строки в рондо меняется в зависимости от строфического состава. Если это 16- или 18-стишное рондо, то в рефренной строке обязательно появится парная рифма (aa); в остальных рондо рефренная строка будет стабильно содержать разные рифмы (ab).

Последний классик позднего средневековья Карл Орлеанский явился поистине реформатором формы рондо. Поэт, с одной стороны, сохранил традиционные жанровые признаки такие, как стабильное наличие рефрена в каждом рондо и его многократное воспроизведение, а также использование двух рифм. С другой – изобрел новые жанровые формы рондо, которые выделялись слоговыми, строфическими, рефренными особенностями. Никто из его современников не повторит все 29 типов форм рондо, которые были изобретены Орлеанским: ни Клеман Маро (ок. 1496–1544), ни Винсен Вуатюр (ок. 1597–1648), ни Сант-Аман (ок. 1594–1661), ни Франсуа Вийон, написавший всего три рондо, форма которых коренным образом отличается от формы рондо Орлеанского и других поэтов. Именно рондо Карла Орлеанского в большей степени повлияет на развитие поэзии XIX века, когда среди других жанров возникают стилизации под рондо

в манере средневекового поэта, как, например, у Теодора де Банвиля (1823–1891).

1. Гаспаров, М. с. 124-125.
2. Евдокимова, Л. В., Французская поэзия позднего средневековья (XIV-первая треть XV в.). М., Наука, 1990.
3. Зюмтор, Поль. Опыт построения средневековой поэтики. — С-Пб, Алетейя, 2003. — С. 192.
4. Медведев П. Н. Формальный метод в литературоведении. Критическое введение в социологическую поэтику — Л., 1928. — С. 37-44.
5. Abed, J., Rechebouet, A., Charles d'Orléans Poésies — Quetigny, Atlante, 2010.
6. Dragonetti R. La technique poétique des trouvères dans la chanson courtoise. — Bruges, De Tempel, 1960. — P. 30.
7. Dufournet, J., Lachet Cl., La littérature française du Moyen Age. Vol. II : Théâtre et poésie — GF Flammarion, Malesherbes, 2003.
8. Le Gentil, P. La littérature française de moyen âge — Armand Colin, Paris. — P. 1968.
9. Macabey A., Guillaume de Machault 130?-1377. La vie et l'œuvre musical — Tome I. Richard-Masse-Editeur, Paris. — P. 138-172.
10. Orléans, Ch. de. Ballades et rondeaux. Edition du manuscrit 25458 du fonds français de la Bibliothèque Nationale de Paris, traduction, présentations et notes de J.-Cl. Mühlethaler — Paris : Lettres gothiques, 1992.
11. Zink M. Littérature française du Moyen Age — P., 1992.
12. Zumthor P., Histoire littéraire de la France médiévale — Paris. 1954.
13. Zumthor P., Essai de poétique médiévale — Paris, éditions de Poche, 2000.

Бұл мақала К. Орлеанский қысқаша рондо деген суреткерлік қызметі мен бөлшектері қарастырылады.

Some Peculiarities of the Rondeau Form in the Works of Charles d'Orleans. Certain specific peculiarities of syllabic and strophic organization as well as the main element of the rondeau – the refrain – present the subject matter of this article.

К. О. Таттимбетова

ТӨЛЕУ КӨБДІКОВ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ДЕНІ ОНЫҢ ЛИРИКА САЛАСЫНДАҒЫ ШЫҒАРМАЛАРЫ

Төлеу Көбдіковтің шығармаларының тақырыптық аясы мен мазмұны, ақын өмір сүрген кезеңдегі тарихи-элеуметтік процеспен үндесіп, сол кезеңнің сөз өнері мәнерімен, стилімен сәйкес дамыды.

Төлеу Көбдіковтің ақындығының бастау көздері жөнінде айтатын болсақ, ең алдымен барлық халық ақындары сияқты ертегі-аңыз, өлең-жыр арқылы бойына сіңген бай халық ауыз әдебиетінде екенін атап өткеніміз орынды.

Шындығында, халық ақындары шығармашылығының өзіндік ерекшелігі бар. Ұлттық мәдениетті сақтап жеткізуші көркемдік тип ретінде, олар өздерінің ақындық өнерімен қатар, бірнеше өнер түрін қатар меңгерген. Мәселен, музыкалық аспапта ойнайтын он саусағынан өнер тамған орындаушы, халықты ұйытып тыңдататын шебер әңгімеші, дүйім ортада сайықа түсетін импровизатор – суырып салма ақын, ұзақ толғап айта алатын жыршы. Міне, осы

қасиеттердің бәрі Төлеу Көбдіковтің де бойында бар еді. Және бір атап айтатын мәселе ол өз шығармаларын жазып шығаратын нағыз жазба ақын да болды.

Ақынның лирика жырында жазған ең алғашқы шығармасы «Оқушы жыры» деп аталады. Болашақ білімде екенін терең сезінген ақын, оқушының атынан «Оқушы жыры» деген өлең жазады. Бұл өлең өз басына ғана арналған деуге болмайды. Мұнда оқу-білімге шақырған, болашаққа талпынған оқушы бейнесі арқылы берілген дидактикалық сарындағы үгіт-нсихат үлгісі көрініс тапқан. Ахмет Байтұрсыновтың «Маса» жинағында, Міржақып Дулатовтың «Оян, қазақ» жинағында, Сұлтанмахмұт өлеңдерінде, басқа да қазақ ақындары шығармаларында, Ыбырай Алтынсарин жол салған, оқуға-білімге шақырған сарын сол кезеңде күшті болатын, Төлеу Көбдіков өз мәнерімен, оқушы атынан сөйлейді:

Мұғалім берген сабағын,
Екі айтқызбай жаттаймын.
Кәмелетке жетемін
Енді қарап жатпаймын
Қаламын найза қанжардай,
Дәуітімді ақтаймын
Жауға қарай қаптаймын
Басынан қарғып аттаймын
Өз жерімнің шетіне
Барғанда бір-ақ тоқтаймын. /5/

Ақын қаламын «найза қанжардай» деген теңеу арқылы өткірлік, күштің бейнесі ретінде алады. Қазақтың «Білекті бірді жығар, білімді мыңды жығар» деген мақалына үндес, «Жауға қарай қаптаймын, Табаныммен таптаймын» деп, нағыз күштің білімде екенін, астарлап, бейнелеп тамаша жеткізген.

«Ақын-жыршылардың әр кез шығарған қара өлеңдері, терме, толғаулары күделікті тұрмыстық тіршілік жағдайды дидактикалық, публицистік кейде лирикалық сарында бейнелейді. Өздері куәсі болған ел өміріндегі елеулі оқиғалар, жүректерін толқытып, көңілге қозғау салған құбылыстардың қай-қайсысына болмасын үн қатпай қалғандары кем де кем. Бұл олардың ақындық, азаматтық борыштарын терең сезінгендігінің куәсі.

...Революция әкелген ұлы жаңалық, социалистік құрылыстың жетістіктері, еңбекке көзқарас, отан қорғау, патриотизм, интернационализм идеясы, жаңа заманға жарастықты моральдық сипаттар ақындар жырының негізгі өзегіне айналған» /1,36/.

Төлеу Көбдіков өлеңдерінің тақырыптық, идеялық өрісі де негізінен осы бағытта болады. Ақын қоғамдағы Қазан төңкерісі әкелген оң өзгерістерді құшақ жая қарсы алады.

«Коммунист, айналайын ақ жүрегім» деп басталатын өлең-мазмұны түр жағынан уақыт талабына сай, мезгіл деңгейіне лайық, халық ақындарының таным-түсініктерінің көркем нұсқасы. Ақын Қазан төңкерісін «Аш тойып, кем жетілген заман болып, жайылып төрт талапқа құлашымыз» деп қуана жырға қосады. Қазақ секілді кемдік көріп келген халыққа бел шеше жаңа өмірге кірісетін, бейнетке емес, зейнетке кенелетін заман келгенін жырлайды. Ол заман шындығы:

...Атандық ірге халық қатардағы,
Советке бәрі қзінің баласындай.
Орыс, қазақ, өзбек, татар-дағы,
Советтей шын жүректен қарай қоймас.
Тапқан шеше, таптырған атаң-дағы. /5/

Ақынның кеңестік дәуірдегі өлеңдерінің көпшілігі тапсырыспен туғаны даусыз. «Сталиннің 70 жылдығына», «Октябрь мерекесіне», «Он тоғызыншы съезге» сияқты өлеңдерінің айтумен туғаны оқыған адамға бірден сезіледі. Төлеу Көбдіков кешегі өмір мен бүгінгісін ой елегінен өткізе отырып, былай деп толғайды:

Біз бұрын Азияда көшпелі едік,
Көшумен талай тайғақ кешкен едік.
Түңлігі түрілмеген құрым үйдей,
Тұманды түн астында өскен едік.
Қараңғы оқымаған наданы көп,
Болған соң көзімді ашар адамым жоқ.
Жырымды жаздырмады, жатқа айтқызды. /5/

Төлеу Көбдіков өзінің осы «Менің өмірім» деген өлеңінде Кеңес дәуіріндегі жақсылықты, халықтар достығын жырға қосады. Оқып өскен жастарды көріп шаттанады. Өз басы қанша қиыншылық көрсе де, халықтың болашағына сенеді. Өткенді сағынады, міндетті түрде империяның зорлығын атап кетіп отырады. Ол сынның астарында қазақ елі Ресейге ешқашан өзі бодан болмаған деген ой жатыр. Ескілік дегенді айтса, ойын соған апарып тірейді. Мәселен, «Жырымды жаздырмады, жатқа айтқызды, қытымыр, патшаның сұм заманы боп», - деген жолдар ақынның өткірлігін байқатады. Өз халқының еркіндікке жетуін меңзеудің ишарасы бар. Ал ақынның көз алдындағы бүгінгі өмірі – мүлде басқа, өзгерген өмір:

Өмірім күн-күн сайын гүл-гүл жайнап,
Сайрандапсандуғаштай жүрмін айрап,
Қосылып, күліп-ойнап жастарменен,
Заманның салтанатын жүрмін ойлап,
Заманым - күнде бәйге, күнде жарыс. /5/

Ақын Кеңестік Қазақстанның қарқындап дамуын шын жүрегімен қабыл алады. Өсіп жатқан қала, гүлденген дала, оқыған жастар оның мерейін өсірді. Қазақ даласындағы маңғырған қой, астық алқапты көргенде және оған қазақ халқының иелік еткенін көргенде шаттанады. Әрине, кеңестік дәуірдің күрделі кезеңі, саяси қуғыншылығы болғанын ақын білетін, өзі де басынан кешкен. Бірақ, соғыстан кейінгі жылымық кезең көп адамды үміттендіріп, алға жетеледі. Т.Көбдіковтің “Колхозым алып күшті қамлымдай”, “Мақтаным”, “Алып күшті Отаным”, “Сот сайлауы”, “Ел болдық күшті ордалы” тағы басқа көптеген өлеңдерінде жаңарған өлкедегі бақытты тұрмыс суреттеледі. Өзінің осындай бақытты тұрмысқа жеткеніне риза болған ақын:

Қатыгез сұм заманда қара түнек,
Еңбегім іске асылмай жүрдім жүдеп,
Өкінбен кең заманға кеш келдім деп,
Тотыдай түрленген соң қайта түлеп.

деп, жырлайды. Тағдыр тауқыметін көп тартқан, өмірдің ащы-тұщысын бір кісідей көрген қарт ақын үшін бұл заманның ұжымақтан кем көрінбегені рас еді. Ақынның өзі айтқандай “Бақыт шамы жарқырып маңдайымнан, бал тамып, алтын ақты таңдайымнан”.

Төлеу Көбдіковтің бірқатар өлеңдерінде қазақ әйелінің тағдыры да сөз болады. Кешегі заманда әйелдің қоғамдағы орны қандай болды дей келе, олардың мал есепті саналып, от басы, ошақ қасымен күн өткізген, малдылардың төрттен-бестен сатып алар ермегі болғанын ашына айтады:

Япыр-ау, өткен өмір, неткен заман,
Әйел адам орнына саналмаған.
Жекеден ортақтасқан жақсы болса,
Бір әйел екі еркектен неге алмаған? /5/

Ақын өлеңдеріндегі қазақ қыздары мен әйелдерінің аянышты тағдыры халық ақындарының көбі жырлаған сол дәуірдегі тарихи шындық. Елге өзгеріс келгеннен кейін қоғамдағы әйел адамның да орны өзгерді. Әйелдер де

үлкен өзгеріске үн қосып, қоғамдық, бұқаралық қызметке белсене араласа бастады.

Ғалым боп бүгінгі әйел ғылым тапқан,
Ту алып, тұлпар мініп, жауға шапқан.
Қыс кетіп, жазы шығып, көлге жүзіп,
Көлбедеп жыл құсындай сылаң қаққан, -
деп ақын қуанышпен жырлайды.

Туған жер, ондағы тұрмыс тіршілікті халық ақынының кез-келген өлең, жырының арқауы етеді. Төлеу Көбдіков шығармашылығының да негізгі желісі – колхоз, ауыл тұрмыс, соның ішінде Шар ауданы, ондағы еңбекші халықтың тіршілігі. Батыс Сібір жақтан көшіп келіп қоныс тепкен Шар өлкесі туралы, ондағы болып жатқан жаңалықтар жайлы ақын үлкен шабытпен жыр төгеді.

Аздаған бұрын қазақ малын айдап,
Құр қалған бар өнерден соры қайнап.
Көшпелі ел ол уақытта Шар өзенін
Кететін жаз бойында біраз жайлап,
Шаһар боп салған мұндай қаласы жоқ. /5/

Осындай өлеңдерде бұрынғы мен бүгінгі, ескілік пен жаңанықатар қоя, салыстыра суреттеп, бейнелі сөзбен көркемдейді.

Ақын қай тақырыпты алып жырға қоспасын, ол ең бірінші өзінің таным биіктігін, көркемдік шеберлігін байқатады. Халық арасында өскен, ұлттың дәстүрлі мәдениетін, салт-тұрмысын көріп, сусындаған сөз зергері шығармасының халықтық, ұлттық бояуы айқын болады. Олардың мұң-мұқтажын, қуанышын дөп басып таниды. Қазақ халқы қай заманда болмасын, өнер иелеріне аса құрметпен қараған. Дегенмен, қоғамның әсері, өз ықпалы әдеби процеске де тиіп отырған. Мәселен, Кеңес үкіметі қарапайым еңбек адамын басты тұлға деп таныды. Сондықтан нағыз адам тек қарапайым еңбек адамы деген желеу саяст болды. Мұндай идеология халық ақындарының поэзиясында үлкен көрініс тапты. Еңбек адамын ақын Төлеу Көбдіков те кеңінен жырлаған. Ақынның “Тұрмыстың толқынында”, “Тұрманым түгел, қапым жоқ”, “Төрт түлік жыры”, “Ерлерге сәлем”, “Кірісті колхоз егіске”, “Егін жайда”, “Астық майданы”, “Еңбек ерлеріне” сияқты өлеңдері соған дәлел бола алады. Әрине, еңбек адамын жырлау, поэзияда жаңа құбылыс емес. Бірақ та ол үгіт-насихатты көздеп, жаппай мақтау, мадақтауға негізделіп, поэзияның бағасын түсірген кез де болды. Тракторшы – еңбек

адамының бейнесі ретінде мадакталса, трактор – алып күш құралы ретінде бейнеленеді. Сөздің салмағы жеңілдеп, ой тереңдігінен айрылып, көркемдік қуаты кемісе, поэзия құрғақ дидактикаға айналады.

“Халық лирикасы - қалың бұқараның көңіл-күйін, ой-сезімін, тұрмыс-тіршілігін бейнелейтіні жалпыға мәлім. Осы ретте Ұлы Отан соғысы кезіндегі халық лирикасы да халық өмірінің айнасы екені ақиқат. Қазақта “Су түбінде асыл зат – жел толқытса шығады, ой түбінде асыл сөз – шер толқыса шығады” деген нақыл бар. Халықтың жауынгерлік лирикалық өлең-жыры “Аттан!” деген ұранмен қатар шығып, жеңіс сағатымен бірге тыныстады /2,122/.

Жалаң ұран, даурықпа бос сөз емес, қайсысы қолына қару, қайсысы қолына қалам ұстап өре көтерілген сол жылдары Төлеу Көбдіков те үлкен ақындық, азаматтық үнімен көрінеді. Ақын шығармашылығының шырқау шыңы болған осы кезеңде көптеген патриоттық өлеңдер шығарды. «Жамбылдың «Ленинградтық өрендерім» толғауының майдан жауынгерлеріне қаншалықты күшті әсері болғаны белгілі. Осы сарынды толғаулар Нұрпейіс, Төлеу, Нартай т.б. ақындардың творчествосында аза емес» /63,126/.

Төлеу Көбдіков «Майданға аттанады ақындар да» деген өлеңінде халық ақындарының жауға қарсы атқан әрбәр сөзін бомбаға балап:

Сен қайтіп бола аласың бізден биік?
Жұлдыздай самолет жүр көкке шүйіп,
Сен – қоян, біздің қыран ақиықтар,
Төбеңнен түсіреді, бір-ақ түйіп... /5/

Төлеу Көбдіков соғыстың қай кезеңін бейнелесе де, қылышынан қан тамған фашизмді жеңер күштің барлығын, халқының жауды тізе бүктіретін қуаты бар қаһарман халық екенін айтып, жұрттың жеңіске деген сенімін нығайтты. Ғалым М.Жолдасбеков «Жүз жыл жырлаған жүрек» атты зерттеу кітабында Жамбылдың соғыс жылдарында туған өлеңдеріне мынадай баға береді: «Ел басындағы ауыртпалықты, трагедиялық күй мен ерлік рухын жырлауда Жамбыл азаматтық биік тұғырдан табылып отырды. Асылы, Жамбылдың Ұлы Отан соғысы тақырыбы туралы өлең-жырларының маңызы елдің еңсесін, ерлік рухын көтерген қаһармандық пафосы мен халықтық сипатында» /3,242/.

Майдан тақырыбын халық ақындарының көпшілігі Жамбыл дәстүрімен жырласа, Төлеу

ақынның да бұл тақырыпқа жазған өлеңдерінен Жамбыл поэзиясының әсері сезіледі. Халық тағдыры сынға түскен қауіпті кезеңде Төлеу де жалынды жырларымен майдандағы жауынгерлерге отты, рухы биік өлеңдерін арнады.

Төлеудің «Төлегенге» атты өлеңі – Кеңестер Одағының батыры, қазақтың ержүрек ұлы Төлеген Тоқтаровқа арналған. Елі үшін кеудесін оққа төсеген Төлегенді ақын халық ауыз әдебиетіндегі батырлар бейнесімен парапар қоя, эпостық жырлардағы ақындық мәнер-машықпен суреттейді:

Арыстандай айбатты,
Қаһармандай қайратты,
Қамқоры болған халықтың
Тоқтар ұлы Төлеген,
Жай отындай жарқылдап,
Жауға шаптың алқымдап. /5/

Төлеу батырды дәстүрлі көркемдеу құралымен күтті де аудынды аң-арыстанға теңейді, оның бейнесін айшықтап жеткізу үшін әдебиетте ежелден бар үрдіс – теңеу-салыстыруларды топтап береді. Осылайша батырдың лайықты бейнесі мен жүрек жарды аталық сезімін қоса білдіреді.

Ұлы Отан соғысындағы кеңес жауынгерлерінің жеңісі – жетпістен асқан қарт үшін ерекше қуаныш. Бұл қуаныш ақын шабытын тағы да шалқытады.

Қапысыз тұрмын түгел, шаруам тегіс,
Кең далам, бау-бақшалы қалың егіс.
Үш-төрт жыл аяғыма ілгіш болған,
Құрыды түбірімен жауыз неміс, /5/ - деп,
қуаныш жырын нөсерлетті.

Сонымен, Төлеу ақын соғыс жылдарында туған ерекше сезімге толы, жігерлі жырлары арқылы майдандағы жауынгерлердің, еңбек тылындағы адамдарымыздың ерліктерін, Семей облысы еңбекшілерінің жеңісті жеделдету жолында істеп жатқан патриоттық өнегелі істерін паш етті және жеңіс күнінің жақындауына рухани күш берген халық ақындарының ішіндегі бірегейі болып қалды.

Ақынның өмір жайлы өлеңдерінен биік парасат, өмірді түсінудегі философиялық ой түйіндеулері көрінеді. Төлеу ақын мұндай өлеңдерінде алам өмірінің мәні мен мақсаты, борышы жайлы ой толғай отырып, өмірдің өткіншілігін, жалғандығын айтады. Осы пәни өмірді адам адал еңбегімен өткізіп, кісілік парызын өтеу керектігі ескертіледі.

Қорыта айтқанда, Төлеу Көбдіковтің өзінің алдындағы ақын-жыраулар поэзиясынан алған тағылым, үйренген үлгісі мол. Төлеу классикалық поэзияның дәстүрлі үлгісін өлең-жырларының негізі ете отырып, өз кезегінде оған соны бояу, жаңа үн қосуға, өзінше жырлауға тырысты.

“Ақындық өнер - сөз өнерінің қастерлі саласы, ақын бойындағы шығармашылық қуат пен шынайы таланттың бийік өлшемі, ұлттық әдебиеттегі сезім мен сырға толы тамаша поэтикалық дәстүр мен ақын шабытының астаса келіп, өлең құдыретінің жарқырап көрінер әсемдік әлемі” /4,72/.

В статье рассматривается разнообразие тем лирических произведений в творчестве поэта Толеуа Кобдикова.

* * *

This article is about the the akyn's memory because it wasn't researched for a long time. In my article I chose the different themes of poems of the poet Toleua Kobdikova.

1. Дүйсенов М., Сейдаханов К., Негімов С. Халық ақындары творчествосының көркемдік сипаты. – Алматы: Ғылым. — 1982. – 192 б.

2. Қазақтың қазіргі халық поэзиясы. – Алматы: Ғылым. — 1973. – 310 б.

3. Жолдасбеков М. Жүз жыл жырлаған жүрек. Зерттеу. – Алматы: Жазушы. — 1992. – 320 б.

4. Әбдіазиев Б. Ақындық өнер // Абай энциклопедиясы. – Алматы: Атамұра, 1995. – 720 б.

5. Көбдіков Т. Шығармалары. – Алматы: Жазушы. — 1975. – 207 б.

Л. В. Флёрко

КЛАССИФИКАЦИЯ И ТИПОЛОГИЯ ЛИРИЧЕСКИХ ЦИКЛОВ В ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИИ

Циклы и всевозможные циклические формы можно обнаружить в творчестве поэтов и писателей, принадлежащих к различным эпохам и культурам, школам и направлениям. Особой разновидностью цикла как такового является лирический цикл, который строится на сложных фабульных, тематических и ассоциативных связях. Именно в лирике циклические образования, характерные для всех родов литературы, достигли максимального многообразия. Проблема лирического цикла, в частности вопросы определения лирического цикла как литературной формы, его основных характеристик, генезиса, эволюции, классификации, внутренней структуры, соотношения с другими литературными формами являются доминирующими в теории изучения поэтической циклизации.

Попытки составить классификацию или типологию лирических циклов предпринимаются многими исследователями. Несомненно, изучая конкретные произведения циклической формы, литературоведы стремятся классифицировать и типологизировать проявления циклизации. Подобные классификации и типологии цикловых форм достаточно разнообразны. В предлагаемом анализе попробуем учесть различные цикловедческие классифи-

кации и типологии в современном литературоведении и выделить разновидности и типы цикловых форм.

Основное различие между классификацией и типологией заключается в следующем: цель классификации – различение явлений одного уровня по ряду выделяемых признаков, а цель типологии – нахождение общих признаков ряда явлений, которые объединяются в некий тип. Относительно к циклу это означает, что основу типологии составляют структурные модели, которые являются абстрактными образами ряда подобных циклов и характеризуются общим набором признаков. В отличие от классификации типология не должна покрывать всё многообразие циклов.

Исследователь лирических циклов М.Н. Дарвин предлагает классификацию литературного цикла, в которой разделяет лирические циклы в зависимости от создателя (или автора в широком смысле слова) на два основных типа: авторские и читательские [1].

К *авторским* относятся такие циклы, в которых автор-создатель отдельно взятых произведений и автор-создатель всего цикла полностью совпадают. Создателем цикла этого типа будет сам автор, творец поэтических произведений.